

Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 9 сәуірдегі N 89 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 17 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 1466. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 13 қыркүйектегі N 119 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы" Z010173_ Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарының ақшасын жария ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Банктерді қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап екі күндік мерзімде осы қаулыны және Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

**Ақшаны жария етуіне байланысты Қазақстан Республикасының
рақымшылық жасалған азаматтарына екінші деңгейдегі банктердің
арнайы есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі туралы
нұсқаулық**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық "Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы" Z010173_ Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы азаматтарының (бұдан әрі - салымшылар) ақшасын жария ету бойынша екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі - банктер) арнайы есепшоттар ашу және жүргізу ерекшеліктерін және салымшылардың ақшасын жария ету бойынша арнайы есепшоттардағы (бұдан әрі - арнайы есепшоттар) ақшаның есебін жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Нұсқаулықта K941000_ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, Z952444_ "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" және Z980237_ "Ақша төлемі және аударымы туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарында көзделген ұғымдар қолданылады.

3. Арнайы есепшоттар салымшылардың жеке тұлғалардың салымдарына міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіне қатысушы банктердегі талап ету салымының шарттары бойынша теңгемен және шетел валютасымен ашатын жинақ есепшоттары болып табылады.

Сонымен бірге арнайы есепшотқа осы Нұсқаулықтың № 2-2 қосымшасына сәйкес тізбе бойынша шетел валютасы шектеу қойылмай аударылады. <*>

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001.05.17. № 135 қаулысымен . V011516_

4. Салымшы мен банк арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталады.

5. Салымшылар банктердегі арнайы есепшоттарға ақшаны ұлттық немесе шетел валютасымен қолма-қол ақша салу, шетел банктеріндегі дербес есепшоттардан өз ақшасын аудару арқылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығында белгіленген күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады, осы кезең ішінде ақшаны жұмсауына болмайды.

Заңда белгіленген ақшаны жария ету кезеңі аяқталғаннан кейін банктердегі

арнайы есепшоттарға ақша аударуға тыйым салынады.<*>

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 30 маусым N 272/1 қаулысымен . V011654_

6. Салымшылар Заңда белгіленген ақшаны жария ету кезеңі аяқталғаннан кейін келесі күні арнайы есепшоттарға салған ақшаларын Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес жұмсай алады.

7. Салымшының арнайы есепшоттан басқа банктік есепшоттарға ақша аударуы банктік V980711_ заңнамалардың нормаларына, сондай-ақ тиісті банктің операциялар жүргізуінің жалпы шарттарына сәйкес жүзеге асырылады. Арнайы есепшоттан ақша аударылған банктік есепшоттарға қолданылып жүрген заңнамаларда көзделген әдеттегі жұмыс істеу режимі қолданылады.

8. Банктер осы Нұсқаулықтың N 1 қосымшасында көзделген тәртіппен салымшылардың арнайы есепшоттарға орналастырылған ақшасына жеке есеп жүргізіп отыруға тиіс.

2-тарау. Арнайы есепшот ашу ерекшеліктері

9. Банктік салым шарты бойынша арнайы есепшот ашу үшін салымшылар банкке банктік есепшоттар ашу, жүргізу және жабу тәртібін реттейтін V001199_ Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актісінде көзделген құжаттарды ұсынады

Арнайы есепшоттардың бар екендігі және олардағы ақшаның мөлшері туралы ақпаратты жария етуге болмайды.

10. Банктік салым шартында арнайы есепшоттың Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшасын жария ету мақсатында ашылуы міндетті түрде көзделуге тиіс.

11. Банктік салым шарты жасалып, ақша салынғаннан кейін банк салымшыға осы Нұсқаулықтың N 2 қосымшасына сәйкес нысанмен ақшаны жария ету бойынша арнайы есепшотқа ақша салғаны туралы куәлік (бұдан әрі - куәлік) береді.

12. Куәлік бланкісі қатаң есептегі құжат болып табылады.

13. Банктер Ұлттық Банкке куәліктердің бланкілерін алуға тапсырысты алдын ала береді. Ұлттық Банк алынған тапсырыстарға сәйкес куәліктердің бланкілерін даярлап, тапсырыс беруші банктерге және сатады.

14. Ұлттық Банк әрбір тапсырыс беруші банкке қатысты берілген куәлік бланкілерінің есептік нөмірін және санын тіркеп отырады.

15. Осы Нұсқаулықтың N 2-1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша салымшылардың банктердегі арнайы есепшоттарға ақша аударуы үшін Заңмен белгіленген ақшаны жария ету кезеңі аяқталған соң банктер пайдаланылмаған куәлік бланкілерін жоюға тиіс, ол жөнінде банктің бірінші басшысының қолы қойылған акті жасалады. Банк куәлік бланкілерінің жойылғаны туралы актінің

нотариат куәландырған көшірмесін ақшаны жария ету кезеңі аяқталған соң бес күндік мерзімде Ұлттық Банкке беруге тиіс. <*>

Ескерту. 15-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001.04.20. N 123 қаулысымен . V011481_

Ескерту. 15-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001.05.17. N 135 қаулысымен . V011516_

3-тарау. Қорытынды ережелер

16. Осы Нұсқаулықта реттелмеген мәселелер, сонымен бірге арнайы есепшоттарды жабу мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 9 сәуірдегі
N 89 қаулысымен бекітілген
Ақшаны жария етуіне байланысты
Қазақстан Республикасының
рақымшылық жасалған азаматтарына
екінші деңгейдегі банктердің арнайы
есепшоттар ашу және жүргізу тәртібі
туралы нұсқаулыққа

N 1 қосымша

Банктер азаматтардың арнайы есепшоттардағы ақшасын бухгалтерлік есепте көрсету тәртібін былайша жүзеге асырады:

1. Қазақстан Республикасының азаматтары жария еткен ақшаның есебі " Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшасын жария ету жөніндегі арнайы есепшоттар" 2222 баланстық есепшоттарында жүргізіледі.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшасын жария ету жөніндегі арнайы есепшоттарға ақша салған (аударым жасаған) кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жасалады:

Дт 1 0 0 1 " К а с с а д а ғ ы а қ ш а "

(1050 "Корреспонденттік есепшоттар")

Кт 2222 "Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшасын Жария етілетін ақшажария ету жөніндегі арнайы есепшоттар" сомасына

(теңгемен немесе шетел валютасымен

бөлек жеке есепшоттар аша отырып)

3. Есептелген сыйақыны банктің шығыстарына жатқызу арқылы ай сайын сыйақы есептеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жасалады:

1) егер жария етілетін ақша теңгемен салынса (аударылса):
Дт 5222 "Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшасын жария ету жөніндегі арнайы есепшоттар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар" Есептелген сыйақы
Кт 2722 "Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшасын сомасына жария ету жөніндегі арнайы есепшоттар бойынша есептелген шығыстар"

2) егер жария етілетін ақша шетел валютасымен салынса (аударылса):
Дт 1858 "Шетел валютасымен банктің қысқа валюта позициясы" (2858) "Шетел валютасымен банктің ұзын валюта позициясы" Есептелген сыйақы
Кт 2722 "Қазақстан Республикасы азаматтарының сомасына ақшасын жария ету жөніндегі арнайы есепшоттар бойынша есептелген шығыстар"

және сонымен қатар теңгемен:

Дт 5222 "Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшасын жария ету жөніндегі арнайы есепшоттар бойынша сыйақы төлеуге байланысты шығыстар" Есептелген сыйақы
Кт 1859 "Шетел валютасының қарсы құны теңгемен сомасына (ұзын валюта позициясы)" (2859) "Шетел валютасының қарсы құны теңгемен (қысқа валюта позициясы)"

4. Есептелген сыйақы төлеу кезінде мынадай бухгалтерлік жазбалар жасалады :

Дт 2722 "Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшасын жария ету жөніндегі арнайы есепшоттар бойынша есептелген шығыстар" Төленетін сыйақы
Кт 1001 "Кассадағы ақша" сомасына
(1050 "Корреспонденттік есепшоттар")

5. Қазақстан Республикасының азаматтары жария еткен ақшаны есепшоттан алған кезде мынадай бухгалтерлік жазбалар жасалады:

Дт 2222 "Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшасын жария ету жөніндегі арнайы есепшоттар" Төлем
Кт 1001 "Кассадағы ақша" тапсырмасында
(1050 "Корреспонденттік есепшоттар") көрсетілген сомаға

6. Қазақстан Республикасы азаматтарының жария еткен ақшасы және ол бойынша сыйақы төленбеген жағдайда мынадай бухгалтерлік жазбалар жасалады :

Дт 2222 "Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшасын жария ету жөніндегі арнайы есепшоттар" Жария етілген б/е 2211 сомаға

Кт 2225 "Банктің клиенттермен жүргізілетін басқа операциялары бойынша мерзімі өткен берешегі"

Дт 2722 "Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшасын жария ету жөніндегі арнайы есепшоттар бойынша есептелген Сыйақы сомасына шығыстар"

Кт 2749 "Басқа мерзімі өткен сыйақы"

7. Банк Қазақстан Республикасы азаматтарының жария еткен ақшасын және ол бойынша сыйақыны кешіктіріп төлеген жағдайда мынадай бухгалтерлік жазбалар жасалады:

Дт 2225 "Банктің клиенттермен жүргізілетін басқа операциялары бойынша мерзімі өткен берешегі" Жария етілген

Кт 1001 "Кассадағы ақша" сомаға

(1050 "Корреспонденттік есепшоттар")

Дт 2749 "Басқа мерзімі өткен сыйақы" Сыйақы сомасына

Кт 1001 "Кассадағы ақша"

(1050 "Корреспонденттік есепшоттар")

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 9 сәуірдегі
N 89 қаулысымен бекітілген
Ақшаны жария етуіне байланысты
Қазақстан Республикасының
рақымшылық жасалған
азаматтарына екінші деңгейдегі
банктердің арнайы есепшоттар
ашу және жүргізу тәртібі
туралы нұсқаулыққа

N 2 қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2001.04.20. N 123 қаулысымен. V011481_

Ақшаны жария ету бойынша арнайы есепшотқа
ақша салу туралы

КУӘЛІК

Берілген күні 200__ жылғы "____" _____
Қазақстан Республикасының азаматы _____

(а т ы - ж ө н і , ж е к е б а с ы к у ә л і г і н і ң N)

(м е к е н - ж а й ы)

талап ету салымына _____
(сан мен ж ә не ж а зу мен)
сомада ақша салғандығын растайды.
_____банкі.

(банктің толық атауы)

"Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшаны жария етуіне байланысты оларға рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес белгіленетін ақшаны жария ету кезеңі аяқталғаннан кейінгі келесі күннен бастап салымшы талап еткен бойда көрсетілген соманы қайтаруға не оны өзге банктік есепшотқа аударуға міндеттенеді.

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер

Банктің мөрі

"Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 9 сәуірдегі
N 89 қаулысымен бекітілген
Ақшаны жария етуіне байланысты
Қазақстан Республикасының
рақымшылық жасалған
азаматтарына екінші деңгейдегі
банктердің арнайы есепшоттар
ашу және жүргізу тәртібі
туралы нұсқаулыққа

N 2-1-қосымша

*Ескерту. 2-1 қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2001.04.20. N 123 қаулысымен . V011481_*

*Ескерту. 2-1 қосымша өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы
2001 жылғы 30 маусым N 272/1 қаулысымен. V011654_*

Ақшаны жария ету бойынша арнайы есепшотқа ақша салу
туралы куәліктің бланкілерін жою туралы

акт

(банктің атауы)

Басқармасы Төрағасының 2001 жылғы "_____" бұйрығы негізінде іс-әрекет жасайтын _____

(а т ы - ж ө н і)

уәкілетті адамдар 2001 жылғы "_____" Ақшаны жария ету бойынша арнайы есепшотқа ақша салу туралы куәліктің пайдаланылмаған бланкілерін (бұдан әрі - "Куәліктің бланкісі") жойды.

Р/с N	Куәлік бланкісінің есеп номері
_____	_____
_____	_____

Ж и ы н т ы ғ ы : | _____

Куәліктердің бланкілері қағаз жоятын машиналарды қолдану арқылы ж о й ы л д ы .

Уәкілетті адамдар Куәліктің көрсетілген бланкілерін жойған кезде тәртіп бұзушылықтар анықталған жоқ.

Осы акт 1 (дана) етіп жасалды, оның көшірмесі ақшаны жария ету кезеңі аяқталғаннан кейін бес күндік мерзімде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беріледі.

У ә к і л е т т і а д а м д а р :

_____	_____	_____
Басқарма төрағасы	Аты-жөні	Қолы
_____	_____	_____
Бас бухгалтер	Аты-жөні	Қолы
_____	_____	_____
(лауазымы)	Аты-жөні	Қолы

Ұлттық Банк
Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2001 жылғы 9 сәуірдегі
N 89 қаулысымен бекітілген

Ақшаны жария етуіне байланысты
Қазақстан Республикасының
рақымшылық жасалған
азаматтарына екінші деңгейдегі
банктердің арнайы есепшоттар
ашу және жүргізу тәртібі
туралы нұсқаулыққа

№ 2-2 қосымша

*Ескерту. 2-2 қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының
2001.05.17. № 135 қаулысымен. V011516_*

Қазақстан Республикасы азаматтарының ақшасын жария ету
бойынша арнайы есепшотқа есептелуге тиісті шетел
валютасының ТІЗБЕСІ

1. Австралия доллары
2. Австрия шиллингi
3. Ағылшын стерлинг фунты
4. Бельгия франкі
5. Голланд гульдені
6. Дат кронасы
7. АҚШ доллары
8. Е У Р О
9. Ирланд фунты
10. Испан песетасы
11. Италиян лирі
12. Канада доллары
13. Неміс маркасы
14. Норвег кронасы
15. Португал эскудосы
16. Фин маркасы
17. Француз франкі
18. Швед кронасы
19. Швейцар франкі

20. Жапон иені
Ұлттық Банк
Төрағасы

Мамандар:
Икебаева А.Ж.
Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК